

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 208 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілген штат санының лимиті шегінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Шымкент қаласының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шымкент қаласы әл-Фараби ауданының әділет басқармасы», «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шымкент қаласы Еңбекші ауданының әділет басқармасы» және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шымкент қаласы Абай ауданының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі – мекемелер) болып бөліну арқылы қайта ұйымдастырылсын.

2. Мекемелерді қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мекемелердің ережелерін бекітуді және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат.):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесінде:

«Министрлік» деген 1-бөлімде:

реттік нөмірі 214-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 214-1, 214-2, 214-3-жолдармен толықтырылсын:

«214-1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шымкент қаласы әл-Фараби ауданының әділет басқармасы.

214-2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шымкент қаласы Еңбекші ауданының әділет басқармасы.

214-3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шымкент қаласы Абай ауданының әділет басқармасы.».

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК